

Ұлттың ұлы тұлғалары

Биыл қайталанбас тарихи тұлға, адамзаттың «Екінші ұстазы» атанған Әбу Насыр әл-Фарабиге 1155 жыл, қазақтың ұлы ғалымы, әйгілі саяхатшысы Шоқан Уәлихановқа 190 жыл, қазақ халқының алтын тұғыры, ұлы кемеңгер Абай Құнанбайұлына 180 жыл, бүкіл жан дүниесімен халқына қызмет етіп, қамшының сабындай қысқа ғұмырында аса күрделі Торғай жерінің зерделі азаматы Міржақып Дулатұлына 140 жыл толып отыр.

Осы мерейлі жылға орай Арқалық қаласындағы облыстық №2 ғылыми-әмбебап кітапханасында «Ұлттың ұлы тұлғалары» атты кітап көрмесінің ашылу салтанаты өткізілді. Көрмеде кітапхана қорындағы қазақ топырағынан шыққан әлемдік деңгейдегі кемеңгерлердің өнегелі өмірі



мен ғибратты істерін баяндайтын әдебиеттер ұсынылды. Тағылымды шарада Арқалық қаласының құрметті азаматы, Еңбек ардагері Жиенбай Қ.Т. ойшылдардың өміршең өмірі мен еңбектері жайлы баяндаса, Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институтының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистрі, Арқалық педагогикалық институтының құрметті профессоры - Абдулина А.Ә. қазақ қоғамының

біртуар перзенттерінің зерттелуі жайлы ой тарқатып, жазушы, журналист Ә.Абдуллиннің жеке мұрағатынан алынған Алаш арыстарының көзін көрген Г.Міржақыпқызының жазған хаттарын және естелік суреттерін кеш қонақтарының назарына ұсынды. Сондай-ақ, айтулы шараға М.Дулатұлының ұрпағы, Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институтының 3 курс студенті Ж.Есімсеріұлы қатысып, Алаш-арысына қатысты алдағы уақытта атқарыла-



Жазушы, журналист Ә.Абдуллиннің жеке мұрағатынан алынған Г.Міржақыпқызының жазған хаттары мен естелік суреттері

тын көлемді жоспарларымен бөлісті. Хәкім Абайдың өлеңдерін АрқПИ-ның студенті Елубай Д. нақышына келтіре орындап берсе, қаламыздағы Ы.Алтынсарин атындағы қара шаңырақта бой көтерген М.Дулатұлы атындағы әдеби-мәдени бірлестігінің жастары Алаш қайраткеріне арналған жалынды жырларын оқыды. Ұлт болашағы үшін қам жеген ұлы перзенттердің қалдырған тағылымдық мән-маңызы зор рухани қазынасы - кітап сүйер жас қауым үшін мәңгілік өлшеусіз өнегелі мұра болып қала бермек.

Гүлзат ӘМІРХАН,
№2 ОӘФК
кітапханашысы